

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Дайындық мектебіне Университет алдындағы дайындық бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері**

**Санаты:** Қағидалар

**Бекітілген күні:** 29.11.2022

**Күшіне енген күні:** 29.11.2022

**Қолжетімділік деңгейі:** Ашық қолжетімділік

**Сыныптауыш бойынша нөмірі:** 2.1 ADMS

**Бекітуші орган:** Провост

**Тіркеу нөмірі:** №117-н/қ

**Иесі:** Қабылдау жөніндегі департамент

**Қайта қарау күні:** 01.10.2023

**Қолданылуы:** НУ және НУ талапкерлері

**Күші жойылған құжаттар:**

**Атауы:** Назарбаев Университеті Университет алдындағы дайындық бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары

**Күні:** 29.10.2021

**Тіркеу нөмірі:** №136-н/қ

**Бекітуші орган:** Провост

## 1-бөлім. Мақсаты және қолданылу саласы

1.1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Дайындық мектебіне Университет алдындағы дайындық бағдарламасы (бұдан әрі – НУУАДБ) бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Дайындық мектебіне оқуға алу үшін талапкерлердің конкурсын ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

1.2. Осы Қабылдау қағидалары мен рәсімдері Назарбаев Университетінің Дайындық мектебіне қолданылады.

## 2-бөлім. Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен қысқартулар:

2.1.1. **ACT** (American College Testing) – АҚШ-тың университеттері қабылдау емтихандары ретінде танитын, орта мектеп оқушыларының үлгерімін бағалайтын стандартталған тест. Тестте ұзақтығы 30 минут жазу дағдыларын бағалайтын қосымша бөлім қарастырылған;

2.1.2. **Қабылдау комиссиясы** – Университеттің Дайындық мектебіне оқуға қабылдау жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында құрылған Университет жанындағы консультативтік-кеңесші орган. Қабылдау комиссиясы арнайы міндеттерге назар аударып жұмыс жасау үшін кіші комиссияны құра алады;

2.1.3. **Студенттерді оқуға қабылдау департаменті** – НУУАДБ, бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша студенттерді оқуға қабылдауды қамтамасыз етуге жауапты Университеттің құрылымдық бөлімшесі;

2.1.4. **Талапкер** – осы Қағидалар мен рәсімдерде көзделген талаптар мен шарттарға жауап беретін және конкурсқа қатысатын Қазақстан Республикасының азаматы, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлға;

2.1.5. **Сауалнама нысаны** – жеке кабинетте орналастырылған НУУАДБ-ға түсуге арналған өтінім-сауалнама;

2.1.6. **Дайындық мектебі** – негізгі мақсаты НУУАДБ-ны іске асыру болып табылатын Университеттің академиялық бөлімшесі;

2.1.7. **Оқуға қабылдауға келісім нысаны** – талапкерлер шақыруды алғаннан кейін толтыратын, оқуға шақыруды қабылдау немесе одан бас тарту туралы мәлімдеу нысаны;

2.1.8. **Кепілдік жарна** – талапкерге Университеттің Дайындық мектебінде НУУАДБ-дағы орынға кепілдік беретін, мөлшері Университеттің Басқарушы кеңесінің шешіміне сәйкес айқындалатын міндетті төлем;

2.1.9. **IELTS** (International English Language Testing System) – Британдық Кеңес, Кэмбридж Университеті ESOL және IDP Education Pty Ltd әкімшілік ететін, ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған стандартталған

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Дайындық мектебіне Университет алдындағы дайындық бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

тест. НУУАДБ-ға оқуға қабылдау және іріктеу процесі шеңберінде қабылданатын IELTS-тің жалғыз нұсқасы Academic IELTS болып табылады, ол ағылшын тілінде оқуды жоспарлап отырған талапкерлерге арналған. IELTS Online НУУАДБ-ға оқуға қабылдау және іріктеу процесі шеңберінде жүргізілмейді;

2.1.10. **Linguaskill** – ағылшын тіліндегі барлық төрт дағдыны - сөйлеуді, тыңдалымды, оқылым мен жазуды тестілеу үшін Cambridge Assessment English әзірлеген, ағылшын тілін білуді бағалайтын тест. НУУАДБ-ға оқуға қабылдау және іріктеу процесі шеңберінде талапкерлер Тестілеу орталығында тікелей қатысумен тапсырған Linguaskill тестінің нәтижелерін ұсына алады;

2.1.11. **NUET** (Nazarbayev University Entrance Test) – Кэмбридждің оқуға қабылдау тестілерін бағалау жөніндегі бөлімшесі (The Cambridge Assessment Admissions Testing) әзірлеген, Математика және Сыни тұрғыдан ойлау және мәселелерді шешу дағдылары бойынша стандартталған қабылдау емтиханы;

2.1.12. **НУУАДБ (Назарбаев Университетінің Университет алдындағы дайындық бағдарламасы)** – Университеттің бакалавриат бағдарламасына түсуге арналған Университеттің Дайындық мектебінің біржылдық жеделдетілген университет алдындағы дайындық курсы;

2.1.13. **Жеке кабинет** – тіркеуді жүргізгеннен кейін талапкерге Университет сайтында жеке кеңістік ұсынатын дербес онлайн сервис;

2.1.14. **SAT** (SAT Reasoning Test - Scholastic Aptitude Test or Scholastic Assessment Test) – жоғары оқу орындарына қабылдауға арналған стандартталған тест. Математика, мәтінді талдау және жазу атты үш бөлімнен тұратын оқушылардың жоғары оқу орындарына дайындығын бағалауға арналған тест;

2.1.15. **Тыңдаушы** – осы Қағидалар мен рәсімдерде көзделген конкурстың барлық кезеңдерінен ойдағыдай өткен және Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешіміне сәйкес Университеттің Дайындық мектебіне оқуға қабылданған талапкер;

2.1.16. **Суперскоринг** (Superscoring) – ең жоғары жалпы балл алу үшін екі және одан да көп SAT тесті сертификаттарының барлық емтихан бөлімдері бойынша ең жоғары балдарды пайдалану;

2.1.17. **Тест әкімшісі** – стандартталған тесттерді әзірлеуге және әкімшілік етуге және тестілеуге, тексеру мен жеткізуге байланысты рәсімдерге жетекшілік етуге құқығы бар ұйым;

2.1.18. **Тестілеу орталығы** – тиісті тест стандарттары мен талаптарына сай келетін, бақыланатын және тексерілетін ортада тесттер мен емтихандарды өткізуге авторизацияланған, тіркелген мамандырылған ұйым;

2.1.19. **TOEFL** (Test of English as a Foreign Language) – Educational Testing Service (ETS) әзірлеген ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест. НУУАДБ-ға оқуға қабылдау және іріктеу процесі шеңберінде қабылданатын TOEFL-дің жалғыз нұсқасы TOEFL iBT тесті (бұдан әрі – TOEFL) болып табылады. TOEFL iBT Home Edition НУУАДБ-ға оқуға қабылдау және іріктеу процесі шеңберінде жүргізілмейді;

2.1.20. **Университет** – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы;

2.1.21. **Университет сайты** – [www.nu.edu.kz](http://www.nu.edu.kz)-де қолжетімді Университеттің интернет ресурсы.

2.2. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылмайтын терминдер мен анықтамалар Университеттің ішкі құжаттарында белгіленеді.

2.3. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті НУУАДБ-ға қатысуға өтінім берген барлық талапкерлерді қабылдау процесі кезінде осы Қағидалар мен рәсімдерді ұстануға тиіс.

### **3-бөлім. Негізгі ережелер**

#### **3.1. Қабылдау шарттары мен тәртібі**

3.1.1. Университеттің Дайындық мектебіне оқуға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3.1.2. Конкурсты өткізу және құжаттарды қабылдау мерзімдерін жыл сайын Қабылдау комиссиясы бекітеді және Университеттің сайтында орналастырады.

3.1.3. Конкурсқа белгіленген талаптарға сәйкес мына критерийлерге сай келетін талапкерлер қатыса алады:

- 1) орта білім беру ұйымдарының бітіруші сыныптарының оқушылары;
- 2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының соңғы курстарының оқушылары;
- 3) орта, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар талапкерлер.

3.1.4. Конкурсқа тыңдаушылар болып табылатын немесе Дайындық мектебін бітірген адамдар, сондай-ақ Университеттің бакалавриат бағдарламаларының немесе жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаларының оқитын студенттері мен түлектері қатыса алмайды.

3.1.5. Талапкерлерді конкурстық іріктеу мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) бірінші кезең – Құжаттар пакеті мен тест нәтижелерін тапсыру;
- 2) екінші кезең – NUET;
- 3) үшінші кезең – Қабылдау комиссиясының талапкерлердің конкурс қорытындыларын қарауы.

3.1.6. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына немесе осындай мүмкіндіктің болмауын растайтын басқа да жағдайларға байланысты, осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.5-тармағының 1)-2) тармақшаларында көрсетілген бірінші және екінші кезеңдердің қандай да бір тесттерін өткізу мүмкін болмаған жағдайда, Қабылдау комиссиясы тиісті кезеңнен өткізбей-ақ, талапкерлердің құжаттарын қабылдауға және/немесе осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.5-тармағының 1)-2) тармақшаларында көрсетілген тесттерді баламалы тесттерге ауыстыруға құқылы. Бұл ретте Қабылдау комиссиясы іріктеудің тиімді әдіснамасын және бағалау критерийлерін әзірлейді және қабылдайды.

3.1.7. Конкурстың нәтижесі бойынша апелляцияны қарау рәсімі көзделмейді.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Дайындық мектебіне Университет алдындағы дайындық бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

### 3.2. NUET рәсімінің сипаттамасы мен талаптары

3.2.1. Университет емтихандардың өтетін күнін, форматы мен орнын немесе онлайн платформанын белгілейді, ол туралы талапкерге оның жеке кабинетінде көрсетілген электрондық поштасы арқылы хабарланады, сондай-ақ ақпарат Университет сайтында жарияланады.

3.2.2. NUET екі пән бөлімдері бойынша өткізіледі: Математика және Сыни тұрғыдан ойлау және мәселелерді шешу дағдылары. Әр пән бөлімі бірнеше жауап нұсқалары бар 30 тест тапсырмаларынан тұрады. Әр пән бөлімі бойынша тестілеудің ұзақтығы – 60 минут.

3.2.3. NUET стандартталған бағалау шкаласының ауқымы әр пән бөлімі бойынша 0-ден 120-ға дейінгі балды құрайды. Ең төменгі өту балы екі пән бөлімі бойынша жиынтығында кемінде 120 балды құрайды, бұл ретте пән бөлімдерінің әрқайсысы бойынша ең төменгі өту балы кемінде 50 балл болуы тиіс.

3.2.4. Тест әкімшісі тесттің нормалары мен форматын белгілейді.

3.2.5. Тест әкімшісі тест тапсырмаларының саны мен емтихандардың ұзақтығын өзгертуі мүмкін.

3.2.6. Талапкерлер Тест әкімшісі бекіткен қағидалар мен рәсімдерде көзделген тестілеуден өту талаптарын сақтауға міндетті. Тестілеуден өту талаптары Университеттің сайтында орналастырылады, сондай-ақ тестілеу өткізілгенге дейін талапкерге электрондық пошта арқылы жіберіледі.

3.2.7. Тестілеуден өтудің аталған талаптарын бұзған талапкерлердің қорытындыларын Тест әкімшісі, Қабылдау комиссиясының кіші комиссиясы немесе Қабылдау комиссиясы жояды. Қорытындыларды жою талапкерді болашақта Университетке өтінімді қайта беру құқығынан айырады.

### 3.3. Қабылдау комиссиясы

3.3.1. Қабылдау комиссиясының негізгі міндеттері:

1) Университеттің Дайындық мектебіндегі НУУАДБ-ға талапкерлерді қабылдау процесінің мәселелері бойынша Университеттің Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен өзара іс-қимыл жасау;

2) Қабылдау комиссиясының кіші комиссияның жұмысын қоса алғанда, конкурстың кезеңдері бойынша талапкерлердің нәтижелерін қарау;

3) қабылдау және оқуға алу кестесін бекіту;

4) Университетке оқуға қабылдауға ұсыным беру;

5) осы Қағидалар мен рәсімдерде көзделген негізгі қызмет үшін қажетті өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3.3.2. Қабылдау комиссиясының құрамы мен хатшысы Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен бекітіледі.

3.3.3. Қабылдау комиссиясының құрамында Қабылдау комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары мен хатшы белгіленеді. Қабылдау комиссиясының құрамына Дайындық мектебінің және Университеттің басқа да

мектептерінің ұсынымдары бойынша Университет мектебінің/ мектептерінің өкіл(дер)ін қоса алғанда, Университеттің әріптес жоғары оқу орнының өкілі(дері) кіруі мүмкін. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің саны кем дегенде 5 адамды құрайды.

3.3.4. Қабылдау комиссиясының төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін төрағаның орынбасары атқарады.

3.3.5. Қабылдау комиссиясының хатшысы Университеттің Студенттерді оқуға қабылдау департаменті жұмыскерлерінің қатарынан тағайындалады. Хатшының дауыс беру құқығы жоқ. Қабылдау комиссиясының хатшысы болмаған жағдайда, төраға Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамасында көрсете отырып, оны алмастыратын хатшыны тағайындайды.

3.3.6. Университеттің Студенттерді оқуға қабылдау департаменті Қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастырады және жоспарлайды.

3.3.7. Қабылдау комиссиясының отырыстары қажеттілігіне қарай, соның ішінде осы Қағидалар мен рәсімдердің 22-тармағында көрсетілген жағдайда төрағаның немесе төраға орынбасарының басшылығымен өткізіледі. Егер отырысқа Қабылдау комиссиясының барлық құрамынан кемінде үш мүше қатысса, Қабылдау комиссиясының кворумы өткізілді деп есептеледі.

3.3.8. Қабылдау комиссиясының мүшелеріне емтихандардың нәтижелерімен талапкерлердің тізімдері беріледі. Талапкерлердің жеке істері Қабылдау комиссиясы мүшелерінің сұрауы бойынша берілуі мүмкін.

3.3.9. Қабылдау комиссиясының шешімдері Қабылдау комиссиясының қатысып отырған мүшелерінің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады. Қабылдау комиссиясының әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болғанда Қабылдау комиссиясы төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

3.3.10. Қабылдау комиссиясының мүшелері аудио-, бейнеконференциялар немесе басқа да интерактивті коммуникация түрлері арқылы отырыстарға, дауыс беруге және шешімдер қабылдауға қатысуға құқылы. Осы коммуникация құралдарының көмегімен қатысу кворумды және шешім қабылдау үшін қажетті дауыстарды есептеу кезінде ескеріледі және хаттамада көрсетіледі.

3.3.11. Отырыстардың қорытындылары хаттамалармен қазақ және ағылшын тілдерінде Университетте хаттамаларды дайындауға белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделеді. Хаттамаларға Қабылдау комиссиясының төрағасы мен хатшысы немесе оны (оларды) алмастыратын тұлға(лар) қол қояды және үшінші тұлғаларға жариялауға жатпайды.

3.3.12. Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамалары құпия болып саналады.

3.3.13. Қабылдау комиссиясы отырыстарының барлық хаттамалары нөмірленуі, сканерленуі және тігілуі тиіс. Хаттамалар Университет архивіне берілгенге дейін Студенттерді оқуға қабылдау департаментінде тіркеледі және сақталады.

### 3.4. Конкурстық іріктеу кезеңдері

3.4.1. Бірінші кезең шеңберінде конкурстық іріктеуге қатысуға өтінім беру үшін талапкерге белгіленген мерзімге дейін жеке кабинетте:

1) Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген қайтарылмайтын тіркелу жарнасын төлеу;

2) дербес деректерді өңдеуге келісімді қабылдау және сауалнама нысанын толтыру;

3) Университет нысаны бойынша оқу орнынан бітіруші сыныпта (курста) оқитынын растайтын фотосуреті бар және осы фотосуреттің үстінен сол оқу орнының мөрі басылған анықтаманың немесе тиісті білім деңгейін бітіргендердің білімі туралы құжаттың (жалпы орта білім туралы аттестат, диплом және т.б.) қосымшасымен бірге, нотариалдық куәландырылған сканерленген көшірмесін қоса беру, сондай-ақ егер құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде жасалмаған болса, ағылшын тіліндегі қосымшасымен білімі туралы құжаттың нотариалдық куәландырылған ағылшын тіліне аудармасының сканерленген көшірмесін қоса жүктеу;

4) жеке куәліктің немесе паспорттың сканерленген көшірмесін немесе 16 жасқа толмаған және паспорты жоқ талапкерлер туу туралы куәліктің көшірмесін жүктеу;

5) Университет сайтында және/немесе жеке кабинетте жарияланған мерзімдерде осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес Тест әкімшісінің жүйесінен жүктелген жарамды IELTS, және/немесе TOEFL, және/немесе Linguaskill сертификатының балл нәтижелерін тексеру және оның сканерленген көшірмесін қоса беру қажет. Конкурстық іріктеуде жеке кабинетте соңғы ұсынылған IELTS/TOEFL сертификаты қаралады және суперскоринг қолданылмайды. Конкурстық іріктеуде тек жарамды сертификаттар ғана қаралады. IELTS/TOEFL/Linguaskill тесттердің сертификаттары талапкерлер тапсырып жатқан тиісті академиялық жылдың 1-тамызына дейін қолданылу мерзімі аяқталмаған болса ғана жарамды болып есептеледі. IELTS/TOEFL нәтижелерінің жарамды мерзімдері әр тесттің тиісті ресми сайтында беріледі. Конкурстық іріктеу шеңберінде Linguaskill сертификатының жарамды мерзімі тест тапсырған сәттен бастап екі жыл болып есептеледі.

Егер талапкер IELTS/TOEFL нәтижелерімен бірге Linguaskill нәтижелерін ұсынса, осы Қағидалар мен рәсімдерге 2-қосымшаға сәйкес конкурстық іріктеуде ең үздік сертификатты қарау үшін Linguaskill балдары соңғы ұсынылған IELTS/TOEFL сертификатымен салыстырылады.

3.4.2. Университет сайтында және/немесе жеке кабинетте жарияланған мерзімдерде осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.1-тармағының барлық талаптарын ойдағыдай орындаған талапкерлер екінші кезең шеңберінде NУET тестін тапсыруға жіберіледі.

3.4.3. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.2-тармағында көрсетілген талапкерлер Университет сайтында және/немесе жеке кабинетте жарияланған

мерзімдерде осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес басқа Тест әкімшісінің жүйесінен жүктелген жарамды IELTS, және/немесе TOEFL iBT, және/немесе Linguaskill сертификатының балл нәтижелерін тексеріп, оның сканерленген көшірмесін қоса бере алады. Осы сертификаттарды қарау рәсімі осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.1-тармағының 5) тармақшасында сипатталған.

3.4.4. NUET емтиханына шақыру алғаннан кейін талапкерлер тест онлайн өтетін жағдайда, Тест әкімшісінің техникалық талаптарына сай келу үшін дайындалуы тиіс. Тестілеудің форматына (онлайн, компьютерде немесе қағазда) қарамастан, талапкерлер тестіге тіркелу барысында осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жеке басын куәландыратын құжатты ұсына отырып, тіркеу кезінде авторизация рәсімінен өтуі тиіс. 16 жасқа толмаған талапкерлер сондай-ақ осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген анықтаманы ұсынуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда, талапкер тестілеуден өтуге жіберілмейді.

3.4.5. NUET тестіне Университеттің Дайындық мектебінің көмегімен Тест әкімшісі әкімшілік етеді және бағалайды және осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.5-тармағы мен 3.2-кіші бөліміне сәйкес жүргізіледі.

3.4.6. NUET нәтижелері талапкердің жеке кабинетінде орналастырылады. NUET-ті сәтті тапсырған талапкерлер үшінші кезеңде қаралады.

### **3.5. Университеттің Дайындық мектебіне оқуға қабылдау**

3.5.1. Іріктеу процесінің бірінші мен екінші кезеңдері аяқталғанда Қабылдау комиссия үшінші кезеңге кіріседі және келесі критерийлердің негізінде талапкерлер рейтингісін бекітеді:

1) осы Қағидалар мен рәсімдердің 13-тармағында көрсетілген ең төменгі талаптарға сәйкес келетін NUET нәтижелері;

2) осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген ең төменгі талаптарға сәйкес келетін IELTS/TOEFL/Linguaskill нәтижелері. TOEFL мен Linguaskill балдары алдын ала IELTS балдарына осы Қағидалар мен рәсімдерге 2-қосымшаға сәйкес өзгертіледі. Бұдан әрі рейтингте балдар өзгертілген IELTS нәтижелері түрінде көрсетіледі.

3.5.2. Рейтинг үшін NUET тестінің неғұрлым жоғары жиынтық қорытындысына ие болған талапкерлердің басым құқығы бар.

NUET тестінің жиынтық қорытындысы тең болғанда Математика пәні бөлімінде неғұрлым жоғары балл жинаған талапкерлер басым құқыққа ие болады.

NUET тестінің Математика пәні бөлімінде нәтижелері тең болғанда IELTS бойынша жалпы балдары неғұрлым жоғары болған талапкерлер басым құқыққа ие болады.



IELTS бойынша жалпы балдары тең болғанда секциялар бойынша неғұрлым жоғары балл жинаған талапкерлерге мынадай артықшылықпен басым құқық беріледі: жазу, оқылым, сөйлеу, тыңдалым.

IELTS секциялары бойынша балдары тең болғанда 3.4.1-тармағының 1)-4) тармақшыларын орындаған және конкурстық іріктеуге қатысу үшін өтінімді бірінші болып берген талапкерлер басым құқыққа ие болады.

3.5.3. Бірінші екі кезеңнен сәтті өту Университеттің Дайындық мектебіне оқуға қабылдануға кепілдік бермейді.

3.5.4. Қабылдау комиссиясы талапкерлердің рейтингісін бекітеді және мемлекеттік білім беру тапсырысы және/немесе Университет бекіткен басқа қаржыландыру тәсілдері бойынша квота негізінде белгіленген бос орындар санына және рейтингісіне сәйкес талапкерлерді Университеттің Дайындық мектебіне оқуға қабылдауға ұсынады.

3.5.5. Оқуға қабылдауға ұсынылғандардың қатарына кірмеген, бірақ рейтингке енген талапкерлерден Қабылдау комиссиясы бекітетін күту парағы жасалады. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті оқуға ұсынылған немесе қабылданған талапкерлердің конкурсқа қатысудан бас тартуы және/немесе конкурстан шығарылуы, және/немесе оқуға шақырудан бас тартуы себебінен пайда болған бос орындарды толтыру үшін күту парағындағы талапкерлерді олардың рейтингісіне сәйкес көтереді және оқуға қабылдауға ұсынуы туралы хабарлайды.

3.5.6. Оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер Қабылдау комиссиясының қабылдаған шешімі туралы хабардар етіледі. Оқуға қабылдау талаптары болған жағдайда, осы талаптар хабарламада көрсетіледі. Хабарламада көрсетілген оқуға қабылдау талаптарын мерзімінде орындамау талапкерді осы Қағидалар мен рәсімдерге сәйкес конкурсқа қатысу құқығынан айырады.

3.5.7. Оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер белгіленген мерзімдерде:

1) жеке кабинетте оқуға қабылдануға келісімі және кепілдік жарнаны төлеуге келісімі туралы хабарлайды;

2) жеке кабинетте кепілдік жарнаны төлейді;

3) жеке кабинетте құжат болмаған жағдайда қосымшасы бар білім туралы құжаттың (жалпы орта білім туралы аттестат, диплом және т.б.) түпнұсқасының нотариалдық куәландырылған сканерленген көшірмесін жүктейді. Егер білім туралы құжат қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде жасалмаған болса, онда оның нотариалдық куәландырылған ағылшын тіліне аудармасының сканерленген көшірмесі де берілуі тиіс;

4) Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне білім туралы құжаттың (жалпы орта білім туралы аттестат, диплом және т.б.) түпнұсқасын қосымшасымен бірге береді.

3.5.8. Университет қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

3.5.9. Оқудан бас тарту немесе хабарламада көрсетілген талаптарды орындамаған немесе осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.7.-3.5.8-тармақтарында

аталған құжаттардың бірін немесе бірнешеуін ұсынбаған жағдайда, талапкер Университеттің Дайындық мектебіне оқуға қабылданбауы тиіс.

3.5.10. Егер талапкер бакалавриат бағдарламаларына да өтінім берсе, НУУАДБ-да оқуға шақыруды қабылдағаннан кейін ол бакалавриат бағдарламаларына оқуға қабылдау конкурсынан автоматты түрде шығарылады және керісінше. Талапкерлер тек бір академиялық бағдарламаға және/немесе білім деңгейіне ғана қабылдана алады.

3.5.11. Оқуға қабылданған тыңдаушылардың осы Қағидалар мен рәсімдерде талап етілген және конкурс кезеңінде талапкердің жеке кабинетіне жүктелген құжаттардың көшірмелері Университеттің Регистратор офисіне электрондық түрде қолжетімді болады және тыңдаушының жеке ісін жасау үшін пайдаланылады.

3.5.12. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.7-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген құжат Университеттің Регистратор офисіне беріледі және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес тыңдаушыға қайтарылуы тиіс.

3.5.13. Көрінеу жалған немесе толық емес деректерді ұсыну конкурстан шығаруға немесе оқуға қабылданған жағдайда Университеттен шығаруға әкеп соғады.

3.5.14. Талапкерлерді Университеттің гранттарына оқуға қабылдау Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен рәсімделеді. Оқуға қабылдау туралы шешімде оқуды қаржыландыру көзі көрсетіледі.

3.5.15. Талапкерге Университет гранттарын тағайындау Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

3.5.16. Талапкерлерді ақылы негізде оқуға қабылдау осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6-кіші бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.

### **3.6. Ақылы негізде оқу үшін Университеттің Дайындық мектебіне оқуға қабылдау**

3.6.1. Талапкерлерді ақылы негізде оқуға қабылдау үшін Қабылдау комиссиясы қосымша конкурс өткізеді.

3.6.2. Ақылы негізде оқу үшін қосымша конкурсқа келесі санаттардың біріне жататын талапкерлер қатыса алады:

1) осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағында көрсетілген санаттардың біріне сай келетін, осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.5-тармағына сәйкес конкурстың кезеңдерінен сәтті өткен және осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.5-тармағына сәйкес күту парағына енгізілген талапкерлер;

2) осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.3-тармағында көрсетілген санаттардың біріне сай келетін, 1140 балл мөлшерінде ең төменгі талапқа сәйкес келетін жарамды SAT сертификаты және/немесе 23 балл мөлшерінде ең төменгі талапқа сәйкес келетін жарамды ACT сертификаты, сондай-ақ осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген ең төменгі талаптарға

сәйкес келетін жарамды IELTS/TOEFL/Linguaskill сертификаты бар талапкерлер.

3.6.3. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6.2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес келетін және Қабылдау комиссиясы ақылы негізде оқуға қабылдауға ұсынған талапкерлер осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.7-тармағында көрсетілген талаптарды орындайды.

3.6.4. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6.2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес келетін талапкерлер белгіленген мерзімдерде осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.4.1-тармағында көрсетілген талаптарды орындауы және осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6.2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Тест әкімшісінің жүйесінен жүктелген жарамды SAT/ACT сертификатының балл нәтижелерін тексеруі және тест орталығының жеке кабинетінен сертификаттың электронды нұсқасын ұсынуы қажет. Егер талапкер бірнеше жарамды SAT сертификаттарын ұсынса, оған суперскоринг қолданылады.

3.6.5. Конкурстық іріктеуде тек жарамды сертификаттар ғана қарастырылады. SAT/ACT сертификаттары талапкерлер оқуға тапсырып жатқан тиісті академиялық жылдың 1-тамызына дейін қолданылу мерзімі аяқталмаған жағдайда ғана жарамды болып есептеледі. Конкурстық іріктеу шеңберінде SAT және ACT сертификаттарының қолданылу мерзімі үш жыл болып есептеледі.

3.6.6. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6.2-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапкерлердің оқуға қабылдаудың негізгі критерийлері:

1) осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6.2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген ең төменгі талаптарға сәйкес келетін SAT (суперскорингті қоса алғанда) және/немесе ACT тестілерінің нәтижелері. ACT балдары алдын ала College Board сайтында орналасқан ресми конвертацияға сәйкес SAT балдарына өзгертіледі. Бұдан әрі рейтингте балл өзгертілген SAT нәтижелері түрінде көрсетіледі;

2) осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген ең төменгі талаптарға сәйкес келетін IELTS/TOEFL/Linguaskill нәтижелері. TOEFL мен Linguaskill балдары алдын ала IELTS балдарына осы Қағидалар мен рәсімдерге 2-қосымшаға сәйкес өзгертіледі. Бұдан әрі рейтингте балл өзгертілген IELTS нәтижелері түрінде көрсетіледі;

3.6.7. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6.2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген талапкерлер үшін SAT (суперскорингті қоса алғанда) және/немесе ACT тестілерінің ең жоғары нәтижелері бар талапкерлер басым құқыққа ие болады.

SAT немесе ACT тестінің нәтижелері тең болғанда IELTS бойынша ең жоғары жалпы балл жинаған талапкерлер басым құқыққа ие болады.

IELTS бойынша жалпы балл нәтижелері тең болғанда секциялар бойынша неғұрлым жоғары балл жинаған талапкерлерге мынадай артықшылықпен басым құқық беріледі: жазу, оқылым, сөйлеу, тыңдалым.

IELTS секциялар бойынша балдар тең болғанда 3.4.1-тармағының 1)-4) тармақшыларын орындаған және іріктеу конкурсына қатысуға өтінімді бірінші болып тапсырған талапкерлер басым құқыққа ие болады.

3.6.8. Егер осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6.2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген талапкерлерді Қабылдау комиссиясы ақылы негізде оқуға қабылдауға ұсынса, олар осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.7-тармағында көрсетілген талаптарды орындайды.

3.6.9. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.5.8.-3.5.9. және 3.5.11-3.5.13-тармақтары ақылы негізде оқуға қабылданатын талапкерлерге де қолданылады.

3.6.10. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6.2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген, сондай-ақ бакалавриат бағдарламаларына өтінім берген талапкерлер НУУАДБ-ға ақылы негізде оқуға шақыруды қабылдаған жағдайда, НУУАДБ және бакалавриат бағдарламалары бойынша «Назарбаев Университеті» білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуды жалғастыра алады. Талапкер НУУАДБ бағдарламасына Университет гранттарының бірі шеңберінде немесе бакалавриат бағдарламасына Университет гранттарының бірі шеңберінде немесе ақылы негізде оқуға шақыруды алған жағдайда, НУУАДБ-ға ақылы негізде оқуға шақырудан бас тартуға құқылы.

Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6.2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген, сондай-ақ бакалавриат бағдарламасына өтінім берген талапкерлер НУУАДБ-ға ақылы негізде оқуға шақыруды қабылдаған жағдайда, бакалавриат бағдарламаларына түсу конкурсына қатысуды жалғастыра алады. Талапкерлер бакалавриат бағдарламасына Университет гранттарының бірі шеңберінде немесе ақылы негізде оқуға шақыруды алған жағдайда, НУУАДБ-ға ақылы негізде оқуға шақырудан бас тартуға құқылы.

Талапкерлер тек бір академиялық бағдарламаға және/немесе білім деңгейіне қабылдануы мүмкін.

3.6.11. Ақылы негізде оқу үшін бос орындар саны шектеулі болған жағдайда осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6.2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген талапкерлер басым құқыққа ие болады.

3.6.12. Талапкерлерді ақылы негізде оқуға қабылдау Университет Провостының немесе оны алмастыратын тұлғаның шешімімен рәсімделеді.

3.6.13. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.6.2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген және оқуға қабылдауға ұсынылған талапкерлер оқуға қабылдау кезеңінде «Назарбаев Университеті» білім беру грантын тағайындау конкурсына қатыспайды.

### **3.7. Қорытынды ережелер**

3.7.1. Осы Қағидалармен және рәсімдерде реттелмеген мәселелерді Қабылдау комиссиясы Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен бірлесіп дербес шешеді.

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Дайындық мектебіне Университет алдындағы дайындық бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері

3.7.2. НУУАДБ-ға оқуға қабылдауға қатысты талапкерлер ұсынған барлық құжаттар мен өзге де материалдар Университеттің меншігіне айналады және Университетте қабылданған құпиялылыққа қатысты қағидалар мен рәсімдерді қорғаудың мәні болып табылады.

3.7.3. Үміткерлерді іріктеу процесіне қатысты кез келген ақпарат құпия болып табылады

#### **4-бөлім. Босату**

4.1. Университеттің Провосты осы Қағидалар мен рәсімдердің кез келген ережесінен бас тартуға құқылы

#### **5-бөлім. Уақытша ережелер**

5.1. Қолданылмайды.

#### **6-бөлім. Қайта қарау**

6.1. Осы Қағидалар мен рәсімдер олар бекітілгеннен кейін үш жыл ішінде жыл сайын қайта қаралуы және қажет болған жағдайда өзгерістер енгізілуі тиіс.

#### **7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар**

7.1. Қолданылмайды.

«Назарбаев Университеті»  
 дербес білім беру ұйымының  
 Дайындық мектебіне  
 Университет алдындағы дайындық  
 бағдарламасы бойынша оқуға  
 қабылдау қағидалары мен  
 рәсімдеріне  
 1-қосымша

**IELTS, TOEFL және Linguaskill бойынша ең төменгі талаптар\***

	<b>IELTS</b>	<b>TOEFL</b>	<b>Linguaskill</b>
<b>Жалпы</b>	6.0	60	170
<b>Жазу</b>	5.0	16	161
<b>Оқылым</b>	5.0	6	161
<b>Сөйлеу</b>	5.0	15	161
<b>Тыңдалым</b>	5.0	5	161

\* Конкурстық іріктеуде тек жарамды және Тестілеу орталығында тікелей қатысу арқылы тапсырылған тест сертификаттары ғана қарастырылады. Тест сертификаттары талапкер оқуға тапсырып жатқан тиісті академиялық жылдың 1 тамызына дейін қолданылу мерзімі аяқталмаған болған жағдайда ғана жарамды болып есептелінеді. Нәтижелердің қолданылу мерзімдері әр тесттің тиісті ресми сайтында беріледі.

«Назарбаев Университеті»  
 дербес білім беру ұйымының  
 Дайындық мектебіне  
 Университет алдындағы дайындық  
 бағдарламасы бойынша оқуға  
 қабылдау қағидалар мен рәсімдеріне  
 2-қосымша

**НУУАДБ-ға қабылдау кезінде пайдаланылатын  
 ағылшын тілі тесттерінің балл кестесі**

Жалпы/ орташа	IELTS	-	-	6	6.5	7	7.5	8	8.5	9
	TOEFL	-	-	60-78	79-93	94-101	102-109	110-114	115-117	118-120
	Linguaskill	-	-	170-175	176-180+					
Жазу	IELTS	5	5.5	6	6.5	7	7.5	8	8.5	9
	TOEFL	16-17	18-20	21-23	24-26	27-28	29	30	30	30
	Linguaskill	161	162-168	169-175	176-180+					
Оқылым	IELTS	5	5.5	6	6.5	7	7.5	8	8.5	9
	TOEFL	6-7	8-12	13-18	19-23	24-26	27-28	29	29	30
	Linguaskill	161	162-168	169-175	176-180+					
Сөйлеу	IELTS	5	5.5	6	6.5	7	7.5	8	8.5	9
	TOEFL	15	16-17	18-19	20-22	23	24-25	26-27	28-29	30
	Linguaskill	161	162-168	169-175	176-180+					
Тыңдалым	IELTS	5	5.5	6	6.5	7	7.5	8	8.5	9
	TOEFL	5-6	7-11	12-19	20-23	24-26	27	28	29	30
	Linguaskill	161	162-168	169-175	176-180+					